

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 332 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 қазанда № 15938 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Электр және жылу желілерін күзету, электр және жылу желілерінің күзету аймақтарында жұмыс жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 231 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11011 болып тіркелген, 2015 жылғы 19 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Электр және жылу желілерін күзету, электр және жылу желілерінің күзету аймақтарында жұмыс жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 231 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 703 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12928 болып тіркелген, 2016 жылғы 2 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы және көмір өнеркәсібі департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімдік баспа басылымдарына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі*

Қ. Бозымбаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі
_____ А. Мырзахметов

2017 жылғы 11 қазан

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
_____ Ж. Қасымбек

2017 жылғы 29 қыркүйек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
_____ Қ. Қасымов

2017 жылғы 5 қазан